

"Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экономика министрінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 594 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1 қыркүйекте № 11984 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10111 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 қаңтарда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларында :

5-тармақтың 9-тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын, ал орысша мәтіні өзгеріссіз қалады :

«9) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор акцияларының мемлекеттік пакетін беру;»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын: «10) опера және балет өнерін дамыту үшін құрылған, жалпы ауданы 60 000 шаршы метрден кем емес ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды және өзге мүлікті қамтитын кешендер түріндегі театрларды беру жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізде жүзеге асырылады.»;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «6. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда, объектіні тендер өткізбестен сенімгерлік басқаруға беру объектіні сенімгерлік басқаруға беру өтінімі (бұдан әрі – өтінім) негізінде жүзеге асырылады.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін ;

